

Баланың мінезі мен қабілетін дамытуда ұлттық ойындардың алатын орны

Баланың қабілеті мен мінезін дамытуда ерекше орын алатын факторларға ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық ойындарды атасақ келесіміз. Ұлттық ойындарды пайдалану арқылы болашақ ұрпақтың алжуаз, денсаулығы нашар, білімсіз, ұлттық рухсыз болып зиянды құбылыстарына бет бұруына жол берілмейді. Өмірге шыр етіп келген нәрктенің сәбилік шағынан бастап қажетті деп танылатын адамгершілік сапаларды меңгерту ойынға байланысты. Өйткені ойын баланың шығармашылық қабілеті мен мінездің типтік және ұлттық бітістерін дамытады. Адамның қабілетінің дамуы барлық кезеңде адамдардың қызығушылығын тудыраған. Өйткені бала қабілетін білу, оның болашақтағы талант иесі болуына тікелей ықпал етеді. Жалпы ұлттық ойындар мінез-құлқына әсер етеді, әсіресе, шапшаңдық, ойлау белсенділігін, жаңа талаптарға бағыт-бағдар үлкен және кіші мәселелерді шығармашылықпен талқылауға үйретеді. Қазіргі заманға сай тәрбиенің ең маңызды мәселесі – адам интелектісінің кереметті бөлігі шығармашылық қабілеттерді дамыту. Себебі, мәдениетті құндылықтар – адамдардың шығармашылық әрекеттерінің нәтижесі.

Ұлттық ойын арқылы баланың шығармашылық қабілеттері мен мінез ерекшеліктерін дамыту болып табылады. Баланың ойын кезіндегі қимыл-қозғалыс дене бітімін жетілдірсе, іс-әрекеттегі амал-тәсілдері ой сананың дамуына ықпал етсе, ал қарым-қатынастағы пайымдаулар өзіндік таным-түсінік, мінез-құлық әдептерін бекітуге әсер етсе, осының бәрі тұтаса келіп жеке тұлғаның пішін болмысына, кісілік келбетіне, көзқарас нышандарының өркендеуіне жол ашады. Ұлттық ойындар арқылы баланың қабілеті мен мінезін, ақыл-ойын, қиялын, есте сақтағыштығын, тапқырлығын, дербестігін демеу, оны ілгері дамытуға болады.

Жалпы ойын-бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шаралы. Бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды ойын арқылы түсініп, ұғынады.

Қандай да ұлттық ойындарды алатын болсақ баланың жеке басын тәрбиелеудің, олардың адамгершілік қасиеттерін: адалдығын, шыншылдығын, ұстамдылығын, тәртіптілігін, жолдастық сезімін дамытудың бағалы құрал ретінде пайдалана аламыз. Мысалы, «Алаңдағы қасқыр», «Батыл балалар», «Аңшылар» және т.б. ойындар балалардың аралықты көзбен мөлшерлеп, бағалау, әрекет етудің жақсы әдісін өз бетінше таңдап алу қабілетін қалыптастырады.